

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE өтімділіктің бірінші, екінші, үшінші санатындағы бағалы қағаздардың 2025 жылдың наурызындағы тізімін [жасады](#).
- KASE реси тізіміне "Банк ЦентрКредит" АҚ-тың [KZ2C00013472](#) (CCBNb37), "Orbis Leasing" ЖШС-ның [KZ2P00013535](#) (ORBSb4), "Қазақстан Даму Банкі" АҚ-тың [KZ2C00013415](#) (BRKZb42) және [KZ2C00013423](#) (BRKZb43) облигациялары, "Mogo Kazakhstan (Mogo Қазақстан)" МҚҰ ЖШС-ның үш шығарылымдағы [облигациялары](#) қосылды.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ-тың [KZ2C00010536](#) (KFUSb64), "Еуразия банкі" АҚ-тың [KZ2C00003051](#) (EUBNb14) облигациялары, АҚШ қаржы министрлігінің [US91282CGN56](#) (US_46_2502) және [US9128283Z13](#) (US_48_2502) халықаралық облигациялары KASE ресми тізімінен шығарылды.
- "Mega Center Management (Mega Центр Менеджмент)" АҚ-тың (MEGA) [KZ1C00001452](#) жай акциялары олардың эмитентінің бастамасы бойынша KASE ресми тізімінен шығарылды.
- KASE-де Еуропалық қайта құру және даму банкінің [XS3004202225](#) (EBRDe27) халықаралық облигацияларымен, Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00009222](#) (EABRb42), "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ АҚ-тың [KZ2C00013241](#) (MFOKb23), "GoldFinMarket" ломбарды ЖШС-ның [KZ2P00012883](#) (MFLGb8), "Mogo Kazakhstan (Mogo Қазақстан)" МҚҰ ЖШС-ның [KZ2P00013444](#) (MFMOb18), [KZ2P00013451](#) (MFMOb19) және [KZ2P00013469](#) (MFMOb20) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының [XS2624614751](#) (ICD_e1) трастілік сертификаттарымен сауда-саттық қайта басталды.
- "Mogo Kazakhstan (Mogo Қазақстан)" МҚҰ ЖШС-ның [KZ2P00012941](#) (MFMOb13) және [KZ2P00013329](#) (MFMOb17) облигациялары "таза" бағасымен сауда-саттық жасау режиміне көшірілді.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстанның Қаржы министрлігі 887,7 млн МЕККАМ [KZK100000373](#) (MKM012_0160), 49,9 млн МЕУКАМ [KZKD00001244](#) (MUM084_0019), 20,7 млн МЕУКАМ [KZKD00001269](#) (MUM120_0020) және 27,4 млн МЕУКАМ [KZKD00000717](#) (MUM180_0009) орналастырды.
- Еуропалық қайта құру және даму банкі XS3004202225 (EBRDe27) екіжылдық халықаралық облигацияларын орналастырып, жазылу арқылы 33,0 млрд теңге [тартты](#).
- Еуразия даму банкі KZ2D00009222 (EABRb42) облигацияларын орналастырып, 50,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Home Credit Bank" АҚ KZ2C00011195 (HCBNb13) үшжылдық облигацияларын орналастырып, 2,8 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012383 (KFUSb90) облигацияларын орналастырып, 7,8 млрд теңге [тартты](#).
- "Банк ЦентрКредит" АҚ KZ2C00013472 (CCBNb37) облигацияларын орналастырып, жазылу арқылы \$31,5 млн [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Халық Банкі АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) Жаһандық депозитарлық қолхаттарды кері сатып алу бағдарламасы аясында меншікті бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- S&P Global Ratings Қазақстан Республикасының рейтингін "Тұрақты" деген болжаммен "BBB-/A-3" деңгейінде [расталады](#).
- "QazaqGaz" ұлттық компаниясы АҚ Moody's Ratings рейтинг компаниясының "Тұрақты" болжамын растағанын [хабарлады](#).
- Аңдатпа: 14 наурызда "Эйр Астана" АҚ 2024 жылдың төртінші тоқсаны мен 2024 жылдың қорытындысын [жариялайды](#).
- 2025 жылдың 1 сәуірінен бастап "ҚазТрансОйл" АҚ-тың Қазақстан Республикасынан тыс жердегі экспорт бағыттары үшін теміржол цистерналарынан мұнайды ағызу жөнінен көрсететін қызметінің тарифі [өзгереді](#).
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы АҚ 2024 жылдың өндірістік нәтижелерін [хабарлады](#).



28.02.2025 Трендтер (%)

KASE Индексі 5 620,34 0,2 -0,9

Өтімділіктің бірінші сыныбы Бағасы Δ 7к Δ 1а

АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	14 133,99	4,8	- 1,5
AT&T Inc.	27,28	3,8	13,6
АО "КазТрансОйл"	817,00	2,5	- 3,2
АО "Эйр Астана"	795,00	2,4	1,7
АО "Казакхтелеком"	45 255,00	1,5	- 8,6
АО "Народный Банк Казахстана"	262,78	0,8	- 0,3
AltynGold plc	2 720,00	0,8	16,1
The Coca-Cola Company	70,50	0,7	9,6
АО "ForteBank"	7,95	0,6	5,6
АО "Банк ЦентрКредит"	2 680,00	0,4	0,2
АО "KEGOC"	1 489,00	0,1	- 1,3
Pfizer Inc.	26,26	- 0,2	- 0,5
АО "Кселл"	3 415,00	- 0,5	- 0,3
PayPal Holdings Inc.	75,18	- 1,4	- 15,1
АО Kaspi.kz	52 721,99	- 2,2	1,4
Meta Platforms, Inc.	52 721,99	- 2,2	1,4
Apple Inc.	238,00	- 3,2	- 0,5
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	18 767,40	- 3,4	- 5,2
Microsoft Corporation	393,99	- 5,1	- 10,2
Intel Corporation	23,41	- 9,7	17,6
Advanced Micro Devices, Inc.	102,48	- 10,3	- 10,9
NVIDIA Corp.	123,30	- 11,0	- 5,4
Tesla, Inc.	300,00	- 16,0	- 24,6

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



KASE индексі 5 620 тармаққа дейін 0,21%-ға көтерілді. Индекстің осы көтерілуінің негізгі драйвері ҚазМұнайГаз акциялары болды, олардың бағасы 2024 жылдың өндірістік нәтижелерін жариялағаннан кейін 4,8%-ға көтерілді. Мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі 1,3%-ға ұлғайып, 23,8 млн тонна болды. Мұнай тасымалдау көлемі 3,9%-ға ұлғайып, 83,5 млн тонна болды.

Динамикасы жөнінен келесі орынға аталған сектордағы ҚазТрансОйл акциялары шықты, олардың құны 2,5%-ға көтерілді. Компания Қазақстан Республикасынан тыс жердегі экспорт бағыттары үшін "Ақтау" мұнай айдау станциясындағы теміржол цистерналарынан мұнайды ағызу жөнінен қосымша қызмет көрсетуге белгіленген тарифінің өзгеретінін хабарлады. Жаңа тариф 1 тонна үшін 625,36 теңге (ҚҚС қоспағанда) болады. 1 тонна үшін 375 теңге (ҚҚС қоспағанда) мөлшеріндегі қолданыстағы тариф 2023 жылдың 1 қаңтарында енгізілген.

Динамикасы жөнінен үшінші орынға ЭйрАстана акциялары шықты, олардың құны 2,4%-ға көтерілді. Аталған Әуекомпания төртінші тоқсандағы және өткен жылдағы қызметінің нәтижелерін 2025 жылдың 14 наурызында жариялайды.

Жаһандық депозитарлық қолхаттарды кері сатып алу бағдарламасы аясында Халық банкі 17-21 ақпан аралығында \$567 мың жалпы сомасына 28 мың меншікті бағалы қағазын кері сатып алды. ЖДҚ сатып алу бағасы \$19,98 бен 20,05\$ аралығында болды. Банктің акциялары бір аптада 0,8%-ға өсті.


Сонымен қатар KASE индексіне кіретін басқа қаржы компаниялары акцияларының бағасы әртүрлі динамика танытты: ЦентрКредит Банкі акцияларының нарықтың бағасы 0,4%-ға қымбаттаса, Kaspi.kz акцияларының бағасы 2,2%-ға түсті.

Қазақтелеком акциялары 1,5%-ға, яғни 45 255 теңгеге дейін өсті, ал Kcell акциялары 0,4%-ға төмендеді.




Ақша нарығында TONIA біркүндік репосын тарту мөлшерлемесі төмендеп, аптаның қорындысы бойынша жылдық 14,71%-ды құрады. АҚШ долларындағы біркүндік валюталық своп операцияларының кірістілігі бір аптада жылдық 9,93%-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Қаңтар айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,3%-ға, бір АҚШ доллары үшін 518,2 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 254 млн АҚШ долларынан 227 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,5 млрд АҚШ долларын құрады.

Қаңтар айында Ұлттық қордан валютаны сату 850 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферттер бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 19 % немесе күніне шамамен 43 млн АҚШ долларын құрады.


Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша ақпан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 550-ден 650 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Қаңтарда Ұлттық Банк зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алған жоқ. Ақпан айында БЖЗҚ-дан валюта сатып алу жоспарланбайды.

Қаңтарда Ұлттық Банк бұрын отандық алтын өндіруші кәсіпорындардан сатып алынған Алтынды сату нәтижесінде алынған АҚШ долларын ішкі валюта нарығында сатуды көздейтін айна тетігін енгізу туралы шешім қабылдады. Осы шешім аясында қаңтар айында 244 млрд теңге зарарсыздандырылды. Осы мақсатта ақпан айында шамамен 250 млрд теңге баламасында валюта сатылады деп күтілуде.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2024, %
— GBPKZT	628,57	-1,08	-0,90	14,28
— USDKZT	499,22	-0,65	-2,84	8,40
— EURKZT	519,14	-1,27	-2,29	6,67
— CNYKZT	68,59	-0,97	-3,06	3,40
— RUBKZT	5,64	-0,70	9,07	-10,26

Brent мұнай құны USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	5 954,50	-1,0	-1,4	16,8	-1,1
Dow Jones	43 840,91	1,0	-2,0	12,4	0,9
PTC	1 142,37	-2,6	20,5	1,3	
MMBБ	3 200,48	-2,5	8,5	-1,7	
Hang Seng	22 941,32	-2,3	13,4	38,9	-2,1
SS CSI 300	3 890,05	-2,2	1,9	10,6	-2,1
Euro Stoxx 50	5 463,54	-0,2	4,5	12,0	-0,4
FTSEuroFirst	6 054,50	0,8	4,4	14,1	0,9
FTSE 100	8 809,74	1,7	2,9	15,5	1,7
KASE	5 620,34	0,2	-0,9	17,0	

Шикізат нарығы

28.02.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	73,18	-1,7	-4,4	-12,5
Мұнай (WTI)	69,76	-0,9	-3,9	-10,9
Табиғи газ	3,83	-9,4	8,5	106,1
Мыс	451,45	-1,0	5,4	17,7
Темір	826,00	-2,1	1,3	-14,4
Алтын	2 857,83	-2,7	3,8	39,7
Күміс	31,22	-5,4	-0,6	37,7
Астық	537,00	-9,0	-4,5	-7,0

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

03.03	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (ақпан)</u>	EUR	2,3%	2,5%
03.03	<u>Өндіріс секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (ақпан)</u>	USD	51,6	51,2
03.03	<u>ISM ұсынған Өндіріс секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (ақпан)</u>	USD	50,6	50,9
05.03	<u>ADP ұсынған Ауылшаруашылығынан басқа секторлардағы қызметпен айналысушылар санының өзгеруі (ақпан)</u>	USD	144K	183K
05.03	<u>Қызмет көрсету секторындағы Іскерлік белсенділік индексі (PMI) (ақпан)</u>	USD	49,7	52,9
06.03	<u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (наурыз)</u>	EUR	2,65%	2,90%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	8,9%	01.02.25	8,6%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	47,2	01.02.25	45,8
Ақша базасы, млрд KZT	14 012,2	01.02.25	14 606,5
Ақша масса, млрд KZT	44 684,1	01.02.25	45 660,0

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 тұрақты

21.02.25

BBB-/A-3 тұрақты

Moody's

Baa1/тұрақты

09.09.24

Baa2/позитивті

FitchRatings

BBB/тұрақты

15.11.24

BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.